

# **Педагог мамандарды даярлаудың жаңа бағыттары**



XXI ғасырда Қазақстанда  
білім беру  
жүйесінде инновациялық  
серпіліс жасалынды

Әр адамды жаңа  
әлемде жұмыс  
істеуге, білім алуға,  
өмір сүре  
алуға, бірлесіп өмір  
сүре білуге үйрету  
қажет

Білімді, білікті, дағдыларды  
бұрынғыдай механикалық түрде  
беру емес, ақпараттық-зияткерлік  
ресурстарды өз бетінше  
тауып, талдап және  
пайдалана білетін, инновациялық  
идеялардың қуат  
көзі болатын, жедел өзгеріп  
отыратын әлем  
жағдайында дамитын және өзін-өзі  
ашып көрсете алатын болашақ  
маман тұлғасын қалыптастыру  
басымдылық болып табылады

# Білім беру жүйесін жетілдірудегі маңызды міндеттер:

Педагогикалық білімнің мазмұны мен әдістерін жаңарту

Педагогикалық кадрларды кәсіби даярлауда теориялық және практикалық инновациялық бағыттарды анықтау

Оқу-тәрбие процесіне инновациялық, ақпараттық-коммуникациялық білім беру технологияларын енгізу


Интеллектуалды тұлғаны тәрбиелеу, яғни адами капиталды қалыптастыру.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамытудың негізгі нәтижелері қарастырылған. ХХІ ғасыр – жаһандық жаңа технологиялар мен инновациялар ғасыры, жаңаша ойлау және әлемде болып жатқан өзгерістерге жаңа көзқарастар қалыптастыру ғасыры

Бұл өзгерістер біріншіден, білім беру парадигмасының негізі болып табылатын оқытудың жаңа шарттары мен белсенді әдістерін жасау




Екіншіден, жедел өзгермелі әлемнің талаптарына сәйкес сыни ойлайтын және функционалдық сауатты тұлғаны дайындауға деген талаптардың өсуі




Үшіншіден, мектепте оқыту мен оны оқу үдерісін жаңарту, педагогтардың инновацияларға, өзін-өзі дамытуға, жетілдіруге, корпоративтік өзара іс-қимылға дайындығы болып табылады

# Университетімізде білім беру жүйесін жаңғырту үш басым бағыттар бойынша жүзеге асырылуда

*Біріншісі*, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу



*Екіншісі*, оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту және педагогтар құрамының сапасын арттыру, профессорлық-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыруға талаптарды күшейту.



*Үшіншісі*, білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру және біліктілікті жетілдірудің тәуелсіз жүйесін құру.

Білім беру саясатындағы басым бағыттардың бірі – білім беру үдерісін күзіретті тәсілге бағдарлай отырып, оны жүзеге асырудың жолдарын қамтамасыз ететін төмендегідей маңызды міндеттерді шешу қажет:

### №1

- Педагогтерді білім берудің жаңа технологияларын меңгеруден, кәсіби рөлдерді (кеңесші, топтық талдауды ұйымдастырушы, фасилитатор, тьютор) сәйкесінше игеруден тұратын күзіретті тәсілдері аясындағы жұмыстарға даярлау;

### №2

- Педагогтерді баланың және өзінің денсаулығын сақтау технологиясымен қамтамасыз ету;

### №3

- Білім беру үдерісін барынша дараландыру жағдайындағы іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру.

## Цифрлық сауаттылық

- Ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі, адам өмірінің барлық салаларында цифрлік технологияларды сенімді, тиімді қолдануға дайындығы және қабілеті. Осы технологияны қолдану арқылы халықтың өмір сапасын арттыруға жол ашып отыр.

## Цифрландыру технологиялары

- Бұл бұрын кездеспеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары. Қазіргі таңда бұл технологиялар жаңартылып жасақталу үстінде. Бүгінгі таңда тұжырымдамалық түрде білім беру жүйесі негізгі үш бағыт бойынша жүргізілуде: білім беру үдерісін цифрландыру, цифрлық білім беру контенті, білім беруді басқаруды цифрландыру.

## Цифрландырудағы негізгі мақсат

- Бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. Болашақ ұрпақ халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және ауқымды деректер жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс.




**Қашықтан оқыту** - оқытушы мен студенттің арасындағы көзбе-көз тікелей қарым-қатынассыз оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін заманауи ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға негізделген оқу процесін жүзеге асыру тәсілі. Компьютерлік телекоммуникациялар көмегімен жүзеге асырылатын қашықтан оқытуды мынадай нысандар бойынша ұйымдастыруға болады: чат сабақтар мен чат технологияларды пайдалана отырып жүзеге асырылатын оқу сабақтары.

*Чат сабақтары* синхронды түрде өткізіледі, яғни барлық қатысушылар бір уақытта чатқа қол жеткізе алады.

*Веб-сабақтар* – қашықтан өткізілетін сабақтар, конференциялар, вебинарлар, іскерлік ойындар, практикумдар және телекоммуникация құралдары мен басқа да мүмкіндіктердің көмегімен өткізілетін оқу сабақтарының басқа да нысандары.

# Виртуалды сабақтарды өткізу формалары



Сонымен қатар жоғары оқу орындарында педагогтер оқу үдерісіне оқытудың белсенді және инновациялық технологиялары мен әдістерін енгізіп, қолдануда. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті профессорлық-оқытушылар құрамында кешенді қолданып келеді. Олар:



Профессорлық-оқытушылар құрамы өз пәндерін түрлендіріп оқыту мақсатында онлайн форматтағы оқыту технологияларын сабақтарында қолданады. Атап айтсақ: *Coogle forms, Kahoot, Youtube educational channels, ZOOM, Google Meet, Quizizz.com, Wordwall, Padlet, Plickers*, т.б.

Бүгінде еліміз әлемнің озық отыз елінің құрамына кіру стратегиясының жүзеге асырылуы және соған сәйкес әлемдік біртұтас білім беру кеңістігіне ену жағдайына байланысты жоғары оқу орындарында нарық талаптарына сай: кәсіби білім, білік, дағдылары қалыптасқан, тұлғалық сапалары дамыған бәсекеге қабілетті, білімі бар мамандарды қалыптастыру міндеттері іске асырылуда.

Білім беруді қазіргі заманғы жаңғырту жағдайында және оның ғылымды, өндірісті және білімді интеграциялауға, сондай-ақ болашақ мамандарды даярлауда айтарлықтай «еркіндіктерін» айқындауға бағытталуы неғұрлым инновациялық, бәсекеге қабілетті, бірегей білім беру бағдарламаларын әзірлеу туралы мәселе маңызды болып отыр. Осыған байланысты білім беру бағдарламалары жыл сайын жаңартылып отырады. Мысалы, педагогикалық факультеттің *«Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі»* және *«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»* білім беру бағдарламаларына өзгерістер енгізілді.

Қазіргі таңда ЖОО-да болашақ мамандардың әдістемелік даярлығын жетілдіру мәселесі өзекті болып отыр. Оқытылатын білім беру бағдарламаларындағы пәндердің мазмұнына өзгерістер мен жаңартулар енгізілді. Мысалы, *«Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»* білім бағдарламасының әдістемелік пәндерінде сабақтарды жаңаша жоспарлауды және критериалды бағалауды жүзеге асыру қарастырылады. *«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»* бағдарламасы бойынша жаңа модельдің енгізілуіне байланысты кәсіби пәндердің мазмұны жаңартылды.

Сонымен қатар, студент Minor қосымша білім беру бағдарламасын игеру арқылы үздіксіз білім алу, табысты кәсіби және қоғамдық қызметтің шарты және саналы қарым-қатынас жасау қабілетін дамытады.

*Minor* - қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушыларды оқыту үшін айқындалған пәндер және модульдер мен оқу жұмысының басқа да түрлерінің жиынтығы.

Білім алушы ЖОО компоненті және таңдау компоненті шеңберінде жеке оқыту траекториясын айқындайды:



- негізгі білім беру бағдарламасы (Major) бойынша пәндер



- қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) бойынша пәндер.



Minor - бакалавриаттың жаңа білім беру моделінің маңызды құрамдас бөлігі. Major-дан айырмашылығы (негізгі құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушыларға арналған білім беру бағдарламасы), Minor - бұл студентке бейінді емес дайындық бағытындағы өзара байланысты төрт пәннен тұратын блок.

Minor пәндері:

Креативті педагогика және психология (5 кредит)

Педагогикалық инноватика (5 кредит)

Киберпедагогика (5 кредит)

Медиапедагогика (5 кредит)

Соңғы кезде педагогика және психология ғылымдарында қарастырылып отырылған проблемаға байланысты жаңа терминдер жиі қолданылып жүр. Олар: *виртуалдық педагогика, коммуникациялық педагогика, интербелсенді педагогика, цифрлы педагогика, интернет-педагогика.*

Сонымен қатар қазіргі кезеңде білім беру жүйесінде «киберпедагогика» деген ұғымды жиі кездестіруге болады.

***Киберпедагогика*** қосымша білім беру бағдарламасының мақсаты: қазіргі жағдайда студенттерде білім беру жүйесінің жұмыс істеуінің инновациялық-педагогикалық қызметтің құзыреттерін қалыптастыру, қалыптастырылатын базалық құзыреттер: білім берудің жаңартылған мазмұнын іске асыру контексінде инновациялық-педагогикалық қызметті жүзеге асыру қабілеті, қазіргі жалпы білім беретін мектепте оқуға, оқытуға және тәрбиелеуге жаңа тәсілдерді енгізу.



## Креативті педагогика және психология

- шығармашылық педагогика мен психология жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту қажеттілігінің артуына заманауи жауап ретінде ұсынылған. Жетілдірілген концептуалды зерттеу негізінде әлеуметтік тәжірибесі бар түлекті жоғары оқу орнында оқытушылық қызметке дайындау процесі талданады.

## Педагогикалық инноватика

- педагогикалық жаңашылдықтар жасау, оларды педагогикалық қауымдастықтың бағалауы және игеруі, практикада қолдануы туралы ілім. Инновацияда, жаңалық енгізу, инновация бір – бірімен тікелей пән ретінде байланысты. Инновациялық процесс түсінігі, ол барлық динамикалық процестерді қамтып, жаңалық аймағында процесуалдық аспектілер, барлық жаңалықтардың өзгеруіне байланысты.

## Киберпедагогика

- Кибер – (ағылшын сөзі «Cyber») – компьютерлік электрондық цифрлық технологиялармен байланысты кибер әртүрлі желілік ресурстарға, ақпараттық объектілер мен оқиғаларға және т.б. сілтеме жасау үшін қолданылатын бүкіл әлемдік ғаламдық желілік түбір. Сол себепті білім беру жүйесіне «виртуалды шындық технологиясы» ұғымы мен киберлік әлеументтендіру үдерісінде кибербілім беру және оқыту

## Медиапедагогика

- педагогиканың ерекше саласы, яғни медиабілім және медиасауаттылық туралы ғылым. Ол медиа білім беру процесінде тұлғаның даму заңдылықтарын ашады. Медиапедагогика адамды оның білімінің өсуі арқылы тәрбиелеу және тәрбиелеу процесі туралы ғылым ретінде ақпарат құралдарын пайдалану арқылы осы процестерді түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақстандық авторлардың пікірінше, интернет-педагогика – бұл педагогиканың бір саласы, барлық жастағы, санаттағы білім алушыларды, стейкхолдерлерді қашықтықтан оқытудың барлық электронды материалдарына бірыңғай жылдам қол жеткізу негізінде электронды оқыту принциптерін іске асыратын жеке іздеу жүйесі. Интернет педагогикасының негіздері дәстүрлі педагогика сияқты, жалпыадамзаттық құндылықтар, отбасы мен қоғамның құндылықтары, ақпараттық-коммуникациялық технологияларға негізделген заманауи дидактика құрайды. Шын мәнінде, қоғамның даму тарихында алғаш рет ақпарат пен ғылыми білім оны жетілдірудің құралы ғана емес, оның әлеуметтік-экономикалық қызметінің негізгі өнімі болып табылады. Сонымен қатар, ақпарат пен білім – бұл ақпараттық қоғамның негізгі активтері мен өнімдері, оның одан әрі әл-ауқаты мен әлеуметтік дамуына тікелей байланысты. Ақпараттық және коммуникациялық, электрондық, цифрлық, компьютерлік және интернет- технологиялар осы дамудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылатындығын тағы бір рет атап өткен жөн. Ол технологиялардың дамуы тез және үздіксіз өзгерістермен сипатталатын ортаны тудырады.

Педагогика және психология білім беру бағдарламасының сарапшылар қатарында Назарбаев зияткерлік мектебі, жалпы және арнайы білім беру ұйымдары, колледж педагогтері бар. Білім беру бағдарламаларын талқылау барысындағы жұмыс берушілердің ұсыныстары ескеріліп, бағдарламалар пәндермен өзгертіліп толықтырылды:

Педагогика және психология БББ - Психологиялық денсаулық;

Суицидтік мінез-құлықтың психологиялық аспектілері;

Жалпы психология;

Салыстырмалы психология;

Киберпедагогика;

Пенитенциарлық психология;

Педагогикалық шеберлік;

Педагогикалық риторика;

## Әлеуметтік педагогика БББ:

Әлеуметтік-педагогикалық диагностика;

Әлеуметтік педагог жұмысының әдістемесі мен технологиясы;

Әлеуметтік педагогикалық кеңес беру;

Кәсіптік бағдар беру негіздері;

Педагогикалық анимация;

Бос уақытты ұйымдастыру педагогикасы;

Әлеуметтік педагогтің ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалармен жұмыс әдістемесі;

Патриотизм және жаһандық құзыреттіліктер;

Қазіргі уақытта *MOODLE* жүйесі әлемдегі ең ірі университеттерде сабақ беру үшін қолданылады. Одан бөлек *PLATONUS* ақпараттық жүйесі жоғары және орта оқу орындарының оқу процесін басқарумен қатар, білім беру жүйесін басқару процестеріне тиімді ақпараттық қолдау көрсетуге арналған. Сонымен цифрлық технологиялар білім беру мен оқытуға арналған жаңа контексті салыстырмалы түрде техникалық жетістіктер. Бұл жоғары оқу орындарында виртуалды оқу ортасын және оқытуды басқару жүйелерін кеңінен енгізу және қолдану арасында бүгінгі күні көптеген оқытушылар оқу үшін тартымды әрі тиімді жағдай қалыптастыруға мүмкіндік алып отыр.

Цифрлық ақпараттың стандартталған репозиторийлері арқылы тікелей ұсынылатын оқу объектілері түріндегі онлайн- контентті дайындап шығаруға бағытындағы бүгінгі қызмет-оқыту технологияларын өз жұмысында тиімді қолданғысы келетін оқытушыларды сан алуан цифрлық ресурстармен қамтамасыз ете алады. Технологиялық жабдықтамалар мен цифрлық құралдардың, сондай-ақ оқу ресурстарының кең көлемде ұсынылуы оқытушылардың технологияларды кез келген курсты оқытудың ажырамас әрі басты бөлігі ретінде қолдануына қызығушылық тудырды .

**Жиль Делез:** «Педагогика көп ұзамай үздіксіз «декодтау» мен «қайта кодтауға» тап болады, себебі капитализм осы уақытқа дейін оқу орындарының жабық сайттарының қорларында сақталып келген цифрлық коммуникациялар ұсынатын қуатын босатып шығару үшін мутацияға ұшырады» деп болжаған болатын. Осы мутациядағы цифрландырудың шешуші рөліне қарамастан, Делез «машиналар ештеңе түсінбейд, сіз тек солардың құрамдас бөліктерінің бір ғана болатын ұжымдық механизмдерін талдап шығуыңыз қажет» деп сендірді.